

Тұрақты ауыл шаруашылығы және болашақ агрожүйелер саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі дайындықты жетілдіру

2 шығарылым, ақпан 2021

Жобаның бірінші жылы

2021 жылдың 14 қаңтарында SAGRIS жобасы іске асырудың бірінші жылын аяқтады. Әлемдік жайылған пандемияға байланысты бірқатар қызмет түрлері сандық нұсқаға ауыстырылды. Дегенмен, мінсіз өзара іс-әрекеттер мен ынтымақтастық жоба консорциумына бірінші жылға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Жоба жұмысының құрылымы

167 қатысушы:


- ✓ Басқарушы комитет
- ✓ 4 модульдерді әзірлеу бойынша ЖОО аралық жұмыс топтары
- ✓ Стратегиялық желілік өзара іс-қимыл жөніндегі топ
- ✓ Сапаны басқару тобы
- ✓ Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі кеңес

Мазмұны


Жобаның нәтижелері: іске асырудың 1 жылы	1
SAGRIS модульдері	2
Erasmus Days 2020.....	7
Байланыс	8

Жобаның нәтижелері: іске асырылған 1 жыл бойынша

- SAGRIS модульдерін әзірлеу бойынша 4 халықаралық ғалымдар ұжымы құрылды және жұмыс істейді
- SAGRIS модульдерінің сипаттамасы 3-ші цикл үшін Еуропалық сапа стандарттарына сәйкес жасалған
- Ресейдің аспирантурасында және Қазақстанның докторантурасында оқу бойынша ситуациялық талдауды әзірлеу аяқталды
- Үшінші циклды қалыптастыруда қолданылатын терминдер мен анықтамалардың глоссарийі әзірленді және олардың Еуропалық Одақта, Ресейде және Қазақстанда сәйкестігі анықталды
- Ресей мен Қазақстанның докторанттары мен аспиранттарына арналған сауалнама әзірленді




Оңнан солға: Эржэна Имескенова, Зоя Ямпилова, Ольга Алтаева, SAGRIS ЖП 2 (online)



Оңнан солға: Михаел Лоштак, Хайнрих Шюле, Йорк Ортмайер, Анна Борсу, Эржэна Имескенова, Ангелика Томас Нюртинген-Гайслинген университетіндегі Басқарушы комитеттің 1-ші отырысында

Еуропалық Комиссияның осы жарияланымды шығаруды қолдауы тек авторлардың көзқарастарын көрсететін мазмұнды мақұлдауды білдірмейді. Комиссия ондағы ақпаратты кез келген пайдалану үшін жауапты бола алмайды.

SAGRIS модульдері



Модуль 1: Ақылды ауыл шаруашылығы және цифрландыру

Модуль 2: Климаттың өзгеруі жағдайындағы өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы жүйелері

Модуль 3: Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері

Модуль 4: Тұрақты ауыл шаруашылығы үшін пәнаралық ғылыми-зерттеу әдістері

ЖОО аралық жұмыс топтары


SAGRIS модульдерінің жұмыс топтарының әрқайсысы Ресей мен Қазақстан ғалымдарынан тұрады; олардың мақсаты Еуропалық стандарттарға сәйкес модульдер мен оқу материалдарының мазмұнын әзірлеу болып табылады. Модульдің жұмыс тобына барлық серіктес университеттердің оқытушылары кіреді, екі университет - Ресей және Қазақстан - модуль мен білім беру материалдарының дамуын үйлестіреді және бақылайды. Осы екі университетте Ресей аспиранттары мен Қазақстан докторанттары үшін инновациялық блок-семинарлар өткізіледі. Еуропалық ғалымдар Кеңестік сараптамалық қолдауды жүзеге асырады, модульдердің барлық материалдарын әзірлеу бойынша кері байланыс пен ұсыныстар береді.



1-Модуль: Ақылды ауыл шаруашылығы және цифрландыру

Модуль ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын ақылды егіншілік және цифрлық технологиялар жүйелерінің техникалық негіздерін сипаттайды. Ресей аспиранттары мен Қазақстанның докторанттары ауыл шаруашылығы өндірісінің ресурс үнемдеуін және тұрақты егіншілікті арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы үшін ақылды әдістердің мүмкіндігін түсінеді. Олар ауылшаруашылық өндірісінің әртүрлі жүйелерінде ресурстарды үнемдеуді бағалай алады. Кәсіби, әдістемелік және практикалық мазмұны келесі тақырыптарда ашылады:

1. Тұрақты ауыл шаруашылығына арналған ресурстарды үнемдеу тәсілдері.
2. Ауыл шаруашылығындағы цифрлық технологиялар және "ақылды" егіншілік тәсілдері.
3. Ауыл шаруашылығындағы ақпаратты басқару жүйелері.
4. Нақты ауыл шаруашылығы (Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы).
5. Ауыл шаруашылығын автоматтандыру және робототехника.



1 Модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы
Новосибирск МАУ, Ресей

1 Модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы



Модуль жетекшілері (солдан оңға қарай):

Виталий Тихоновский, Новосибирск мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей

Куаныш Жоламанов, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қазақстан

Хайнрих Шюле, Нюртинген–Гайслинген Университеті, Германия

2-Модуль: климаттың өзгеруі жағдайындағы өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы жүйелері

Модуль климаттың өзгеруінің азық-түлік қауіпсіздігіне әсері мен нәтижесін зерттейді: климаттың өзгеруі жағдайында ауылшаруашылығымен байланысты экономикалық қауіптерді бағалау. Пән климаттың өзгеруінің өндірістік қызметке, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы жүйелерінің өнімділігі мен тұрақтылығына әсерін болжау және анықтау саласында кәсіби білім береді және зерттеулерге негізделген өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының экологиялық қауіпсіз өнімдерін өндіру жүйесін климаттың өзгеруінің қолайсыз салдарына бейімдеуге үйретеді. Кәсіби, әдістемелік және практикалық мазмұны келесі тақырыптарда ашылады:


1. Климаттың өзгеруінің ауылшаруашылық өндіріс жүйелеріне әсері
2. Климаттың өзгеруінің азық-түлік қауіпсіздігіне әсері
3. Ресурстарды тұрақты пайдалану және басқару (су ресурстары, экожүйелер, жерді пайдалану)
4. Экологиялық қауіпсіз өсімдік шаруашылығы
5. Тұрақты мал шаруашылығы жүйелері және жануарлардың әл-ауқаты



2 модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы
Бурят МАА, Ресей

2 Модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы

ОЛЬГА АЛТАЕВА
К.С.-Х.Н., ДОЦЕНТ КАФ.
ОБЩЕГО ЗЕМЛЕДЕЛИЯ



ИНДИРА АЙТЖАНОВА,
PHD, СТ.ПРЕПОДАВАТЕЛЬ,
КАФ. ТЕХНОЛОГИИ ПРОДУКЦИИ
ЖИВОТНОВОДСТВА



МИХАЛЬ ЛОШТАК,
ПРОФЕССОР, ПЕРВЫЙ
ПРОРЕКТОР, ЗАВ.КАФ.
ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



Модуль жетекшілері (солдан оңға қарай):

Ольга Алтаева, Бурят Мемлекеттік Ауыл шаруашылығы академиясы, Ресей

Индира Айтжанова, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан.


Михаль Лоштак, Прагадағы Чех жаратылыстану университеті, Чехия

Модуль 3. Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері

Бұл модуль аспиранттар мен докторанттарға ғылыми-зерттеу жобаларын басынан аяғына дейін қалай әзірлеу, жоспарлау және жүргізу туралы шолуды ұсынады: ұсыныстар жазу, мәліметтер жинау, талдау және жарияланымдар мен презентациялар арқылы нәтижелермен алмасу. Қатаң ғылыми тәжірибені насихаттай отырып, олар тұрақтылық туралы кең пікірталастарда маңызды болатын тиісті зерттеулер жүргізуі мүмкін.

Модульде келесі тақырыптар бар:

1. Ғылыми зерттеулер деректерін басқару
2. Әдебиеттермен зерттеу жұмысының әдістерін қоса, ғылыми жарияланымдар дайындау
3. Статистиканың заманауи әдістері
4. Мақсатты топтарға бағытталған презентациялар (постер, ppt)
5. Грантқа өтінімдер дайындау
6. Жобаларды басқару және тайм-менеджмент



3 модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы


ЮЛИЯ БЕЗГИНА,
К.С.-Х.Н., ДОЦЕНТ КАФ.
ХИМИИ И ЗАЩИТЫ
РАСТЕНИЙ



НАДЕЖДА МЕЛЕШЕНКО,
К.Э.Н., ДОЦЕНТ КАФ.
ЭКОНОМИКИ



АКСЕЛЬ ШВЕРК,
ПРОФЕССОР, ДОКТОР НАУК,
ЗАВ.КАФ. ИСКУССТВА
УПРАВЛЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫМИ
РЕСУРСАМИ



Модуль жетекшілері (солдан оңға қарай):

Юлия Безгина, Ставрополь мемлекеттік аграрлық университеті, Ресей

Надежда Мелешенко, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехнологиялық университеті, Қазақстан


Аксель Шверк, Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті, Польша

Модуль 4. Тұрақты ауыл шаруашылығы мүддесіндегі ғылыми зерттеулердің пәнаралық әдістері

Модуль аспиранттар мен докторанттарға ауылшаруашылық және азық-түлік жүйелеріндегі күрделі мәселелерге инновацияны қоғамдағы мүдделі тараптармен бірлесіп, пәнаралық зерттеу тәсілін қолдана отырып қалай жасауға болатындығы туралы білім береді. Модуль әлеуметтік ғылымдар әдіснамасына және жүйелік тәсілге, әсіресе адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын түсінуге, сондай-ақ жүйенің жұмыс істеуі мен өзгеруі үшін негізгі білімнің маңыздылығына бағытталған.

Келесі аспектілер қарастырылады:

1. Ауыл шаруашылығындағы және азық-түлік жүйелеріндегі тұрақты даму тұжырымдамасына кіріспе
2. Жүйелік тәсілдер: әлеуметтік-экологиялық жүйенің және адам қызметінің тұжырымдамалық және теориялық негіздері
3. Пәнаралық зерттеулердің партисипативтік және сапалы әдістері



4 модуль бойынша ЖОО аралық жұмыс тобы
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ., Қазақстан

4 Модульдің ЖОО аралық жұмыс тобы

МАРИАННА ТЕРЮТИНА
К.Э.Н., ЗАВ. КАФ. ОТРАСЛЕВОЙ
ЭКОНОМИКИ И УПРАВЛЕНИЯ



ИРИНА БОГДАШКИНА,
К.ПЕД.Н.,
НАЧАЛЬНИК УПРАВЛЕНИЯ
СТРАТЕГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ
И АНАЛИЗА



БРИГИТТА КАУФМАНН,
ПРОФЕССОР, ДОКТОР НАУК,
ДИРЕКТОР ПО
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЕ



Модуль жетекшілері:


Марианна Терютина, Арктика мемлекеттік агротехнологиялық университеті, Ресей

Ирина Богдашкина, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қазақстан

Бригитте Кауфманн, тропика мен субтропикадағы Неміс ауылшаруашылық институты, Германия

Erasmus 2020 халықаралық күндеріндегі SAGRIS жобасы

SAGRIS жобасы Erasmus 2020 (Erasmus Days 2020) күндеріне жобаның онлайн презентациясымен қатысты. Германия, Польша, Чехия, Ресей (Мәскеу, Новосибирск, Ставрополь, Улан-Удэ, Ставрополь, Омбы, Томск, Иркутск, Ижевск, Казань, Краснодар және т.б.) және Қазақстан (Нұр-Сұлтан, Алматы, Қостанай, Орал және т.б.) университеттерінен 110-нан астам қатысушы келді. Кездесуге Ресей Ғылым академиясының, кәсіби-қоғамдық аккредиттеу ұлттық орталығының (Ресей), аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің және ұлттық аграрлық ғылым-білім беру орталығының (Қазақстан) сарапшылары мен ғалымдары қосылды. Іс-шара ақпараттық және нәтижелі болды, өйткені консорциумға кірмейтін жоғары оқу орындарының қатысушылары SAGRIS модульдері кіретін жаңа білім беру бағдарламалары бойынша оқуға және блок-семинарларға қатысуға қызығушылық танытты.



Ынтымақтастыққа мүдделісіз бе?

Артықшылықтары туралы көбірек білгіңіз келе ме?

Бізге хабар-ласыңыз!

SAGRIS серіктестері

ЕС серіктестері

- 🇪🇺 **Нюртингена-Гайслинген университеті,**
Жоба координаторы:
проф. Хайнрих Шюле
E-mail: heinrich.schuele@hfwu.de

Жоба менеджері
М.Sc. Анна Борсук
E-mail: anna.borsuk@hfwu.de
- 🇪🇺 **Варшава жаратылыстану ғылымдары университеті,**
проф. Аксель Шверк
E-mail: axel_schwerk@sggw.edu.pl
- 🇪🇺 **Чех жаратылыстану ғылымдары университеті,**
д-р. Михаль Лоштак
E-mail: lostak@pef.czu.cz
- 🇪🇺 **Тропика мен субтропикадағы Неміс ауыл шаруашылығы институты,**
проф. Бригитте Кауфманн
E-mail: b.kaufmann@ditsl.org
- 🇪🇺 **Эстония жаратылыстану ғылымдары университеті**
проф. Роджер Эванс
E-mail: evanter.ou@gmail.com

Академиялық емес серіктестер Қоғамдық аккредиттеу ұлттық орталығы

- Галина Мотова
g.motova@ncra.ru
- 🇷🇺 **Ресей Ғылым Академиясы**
Ирина Донник
imdonnik@presidium.ras.ru
- 🇰🇿 **Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі**
Нургуль Кыдырмина
nurgul@iaar.kz
- 🇰🇿 **Ұлттық аграрлық ғылым және білім беру орталығы**
Анаракуль Турсинбаева
anara1971@bk.ru

Ресей Федерациясының ЖОО Ставрополь МАУ

Святослав Сериков
serikovss@mail.ru

🇷🇺 Новосибирск МАУ

Любовь Шмидт
lyubov-83@bk.ru

🇷🇺 Бурят МАША

Эржэна Имескенова
imesc@mail.ru

🇷🇺 Арктикалық МАТУ

Константин Нифонтов
kosnif@mail.ru

Қазақстан Республикасының ЖОО

С.Сейфуллин атындағы Қазақ АТУ

Алия Исмаилова
ismailova61@mail.ru

🇰🇿 Қазақ ҰАЗУ

Юлия Борисова
yuliyakaznau2015@gmail.com
borissova.yuliya@kaznau.kz

🇰🇿 Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан АТУ

Ирина Богдашкина
bogiv1@yandex.kz

🇰🇿 А.Байтурсынов атындағы Қостанай ӨУ

Гульшат Шайкамал
gulshat_kos@mail.ru

Қауымдасқан серіктестер

- 🇷🇺 **Ресей Федерациясының Ауыл шаруашылығы министрлігі**
- 🇰🇿 **Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

 Sustainable Agriculture and Future Farming Systems

 @sagris_erasmusplus

 www.sagris.org